«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Абая, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

15.09.2021 № 4-5/4031

ИП «ASYL-JAN»

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 02.09.2021 ж. № 119918 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тіркелген өтінішіңізді қарап, хабарлайды.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы "Балқаш қ. орталық ауруханасы" КМК ұйымдастырушысы № 6129300-1 "Зертханалық Термостат" ашық конкурс тәсілімен сатып алу жарияланды.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 ж. № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының конкурстық құжаттамасына 3-қосымшаға сәйкес техникалық ерекшелікті ұсынады(бұдан әрі-қағидалар), онда тауардың маркасы және/немесе тауар белгісі не қызмет көрсету белгісі, моделі, үлгісі, шығарылған елі, дайындаушы зауыт (дайындаушы зауыттың атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі), шығарылған жылы, кепілдік мерзімі, функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы, тауардың конкурстық құжаттама (техникалық ерекшелік) талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Қағидаларға 4-қосымшаның 19-тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға **өтінім, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша <u>қазақ немесе орыс тілдерінде</u>** жасалады және беріледі.

Жүргізілген бақылаумен, әлеуетті өнім берушінің ЖШС "Научно-производственная фирма" МЕДИЛЭНД" конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасы орыс тілінде жазылғаны анықталды.

Сонымен қатар, Конкурстық құжаттаманың 3-тармағының 14, 15-тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды жеткізуді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және заңның 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтер алуға келісімі болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы КҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

Сонымен, әлеуетті өнім беруші ИП «Мальцева» конкурстық құжаттамаға 3-қосымшада «**сатып алынатын тауарлардың қажетті функционалдық, техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамаларының сипаттамасы**» көрсетілген.

Осыған байланысты, Департаментте шаралар қабылдау үшін негіздер жоқ.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 3-бөлігіне сәйкес, сіз оған жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **М. Байдурин**

Исп.: Махметсултанов Ж.
Тел.: 8 7212 - 425580